

**Аққайын ауданы бойынша 2009 жылы көктемгі - далалық жұмыстарды жүргізу барысында басымдықты ауыл шаруашылық дақылдарды себудің тиімді мерзімін белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайын ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 106 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Аққайын ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 19 мамырда N 13-2-99 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайын ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі N 87 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайын ауданының әкімдігінің 2010.04.30 N 87 Қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабының 2-тармағына, «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2009 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 87 қаулысымен бекітілген Ереженің 12 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі астық шаруашылығы ғылыми өндірістік орталығының ұсынысы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылғы көктемгі-далалық жұмыстарды жүргізу барысында Аққайын ауданының топырақты егіншілік-далалық, жазықтық, орманды дала аймағында субсидияланатын дақыл түрлері бойынша басымдықты ауыл шаруашылық дақылдарды себудің тиімді мерзімі анықталсын:
  - мамырдың 15-нен мамырдың 20-на дейін - рапс;
  - мамырдың 15-нен мамырдың 30-не дейін - жаздық бидай;
  - мамырдың 20-нан мамырдың 25-не дейін - қарақұмық;
  - мамырдың 25-мамырдың 30-на дейін - асбұршақ;
  - мамырдың 25-нен мамырдың 30-на дейін - арпа, орташа кеш сортты;
  - мамырдың 25-нен маусымның 30-на дейін - сұлы, орташа кеш сортты;
  - мамырдың 27-нен мамырдың 30-на дейін - сұлы, орташа пісетін;
  - мамырдың 28-нен маусымның 5-не дейін - тары;
  - мамырдың 30-нан маусымның 5-не дейі - арпа, орташа пісетін сортты.
2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік

тіркелгеннен кейін күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Р. Елубаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК